

"Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің "Жеке кәсіпкерлік саласында тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасындағы заңнаманы сақтауда тексеру парағының нысанын бекіту туралы" 2011 жылғы 8 сәуірдегі № 95 және "Жеке кәсіпкерлік саласында тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасындағы заңнаманы сақтауда тәуекел дәрежесін бақылау критерийлерін бекіту туралы" 2011 жылғы 8 сәуірдегі № 96 бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің м.а. 2013 жылғы 08 тамыздағы № 239 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**
1 . М ы н а :

1) «Жеке кәсіпкерлік саласында тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасындағы заңнаманы сақтауда тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 8 сәуірдегі № 95 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6925 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2011 жылғы № 21 ж а р и я л а н ғ а н) ;

2) «Жеке кәсіпкерлік саласында тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасындағы заңнаманы сақтауда тәуекел дәрежесін бақылау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылы 8 сәуірдегі № 96 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6931 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2011 жылғы № 22 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті (Қ.Б. Ертуғанов) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және ресми баспа басылымдарына ж і б е р с і н .

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

атқарушы

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н
М.Құсайынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК